

Байланыс қызметін көрсету туралы жария шарт

Құрметті абоненттер!

Өзіңізге керек қызметтерді таңдаңыз, ал біз оларды сізге қуана ұсынамыз. Қызметтердің бағасы, мерзімі және басқа шарттары tele2.kz, altel.kz сайттарында және қызметтерімізді алуға болатын басқа да көздерде толығырақ сипатталады. Қызмет көрсету шарттарымен өте мұқият танысып шығуыңызды өтінеміз, себебі олар Шарттың бір бөлігі болып табылады. Араға уақыт салып, Шартқа өзгерістер енгізіледі, олардың ең маңыздылары туралы бөлек ескертетін боламыз.

Қызметтерімізді пайдалана бастаған сәтіңізден сіз олардың шарттарымен және Шарттың барлық талаптарымен келісесіз. Абонентіміз болып аталудың тәсілдері төмендегідей:

- 1) Оператордың және оның өкілдерінің сату орындарында формулярға қол қою;
- 2) Оператор сайттарындағы формулярды толтыру;
- 3) Толтырылған формулярдың скан-көшірмесін Операторға жолдау;
- 4) SMS-хабарлама жолдау;
- 5) Әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде деректер ұсыну;
- 6) Оператордың бағдарламалық жасақтамасын пайдалану;
- 7) Оператормен белгіленген басқа да тәсілдер.

Білу маңызды!

Біз қызметтерімізді баршаға бірдей қолжетімді етуге тырысамыз, бірақ кейде бұл бізге тәуелсіз себептермен мүмкін емес болып жатады. Радиотолқындардың өту қабілеті металл және арматураланған бетон қолданылған ғимараттарда нашар болады және кедергіден өте алмайды. Кейде антенналарымыз жақын жерден табылмай жатады немесе олардың саны аз болады, ал абоненттеріміз көп. Сондықтан қызметті пайдаланғыңыз келетін жерде (**қызметпен қамту картасы**) міндетті түрде сигналдың (қызметпен қамту) деңгейін тексеріп алыңыз.

Біз сіздің құрылғыларыңызды (телефон, смартфон, планшет, модем) бақылай алмаймыз, сондықтан өзіңіз және достарыңыз бен жақындарыңыз қажетсіз қызметтерді қоспауын өтінеміз. Бірақ осылай болған жағдайда, сіз оларды Мобильді қосымша (Tele2Қазақстан) және/немесе **Жеке кабинет** арқылы кез келген уақытта сөндіре аласыз.

Өкінішке орай, ұялы нөмірдің өзі **бізге тиесілі емес**, сондықтан біз оны пайдалану құқығын тек уақытша ғана бере аламыз.

Абоненттердің өтініштері бойынша немесе басқа себептермен біз кейде шарттарды өзгертіп отырамыз және бұл туралы алдын ала ескертуге тырысамыз (**Байланыс қызметін көрсету ережелері**).

Егер **сұрақтарыңыз** болса, оларды мына жерде қоюыңызға болады, біз оларға міндетті түрде жауап беруге тырысамыз.

□

□

Болады және керек	Болмайды
Байланыс қызметін адал ниетпен пайдалану, яғни қоңырау соғу, СМС жолдау, видео қарау, Интернетті пайдалану, достарыңмен байланысқа шығу	Қаржылық пайда табуға тырысу немесе байланыс қызметін алудан басқа мақсаттарды көздеу және <u>алаяқтықпен</u> айналысу
Қызметке байланысты мәселелер бойынша тәуліктің кез келген уақытында call-орталық операторларына қоңырау соғу	Қорлау, балағаттау, өзін әдепсіз және агрессивті ұстау, қорқыту, Оператормен қарым-қатынаста балағат сөздер пайдалану
Қызмет ақысын дер кезінде төлеу	Қызметтерді 6 айдан аса пайдаланбау

Жария шартқа арналған №1 қосымша

1. Терминдер мен анықтамалар:

Оператор – "МобайлТелеком-Сервис" ЖШС немесе мәнмәтінге байланысты, оның уәкілетті өкілдері, серіктестері немесе мердігерлері.

Шарт – Оператордың Сайттарында және қосымшаларында орналастырылатын осы Жария шарт

Оператордың Сайттары – tele2.kz, altel.kz

Заң – «Байланыс туралы» ҚР Заңы.

Ережелер – Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 171 [бұйрығымен](#) бекітілген Ұялы байланыс қызметтерін көрсету ережелері.

Қызметтер – Оператор өз бетімен немесе үшінші тұлғалардың атынан немесе олармен ынтымақтаса отырып көрсететін және/немесе көрсете алатын қызметтер.

Осы Шартта қолданылатын барлық басқа терминдер мен анықтамалар, оларға бөлек мән берілмесе, осындай құқықтық қатынастарға қолданылатын Заңға, Ережелерге немесе басқа заңнамалық актілерге және/немесе Қазақстан Республикасының заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес түсіндірілуі тиіс.

2. Жалпы ережелер

- 2.1. Шарттың күші барлық абоненттерге таралады және абонентпен бұрын жасалған барлық мәмілелердің орнын ауыстырады. Заңды тұлғалар мен абоненттердің жекелеген санаттары үшін қосымша шарттар көзделеді.
- 2.2. Оператордың Шартқа енгізген өзгерістері Оператор Сайттарында жарияланған күннен кейінгі күннен бастап күшіне енеді.
- 2.3. Шартқа қосылып, Қызметтерді пайдалануы арқылы абонент төмендегілермен:
 - 1) өзі қосылатын, Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын, Оператордың немесе оның серіктестерінің Сайттарында жарияланған тарифтердің, тарифтік жоспарлардың, акциялар мен Қызметтердің барлық шарттарымен;
 - 2) Шарттың барлық талаптарымен;
 - 3) өзінің дербес деректерін, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, Абонент және/немесе пайдаланушы туралы және Қызмет көрсету мақсатында олардың Қызметтері туралы қызметтік ақпаратты Оператордың және оның серіктестерінің жинауымен, өңдеуімен және таратуымен.
 - 4) осындай келісімнің қажеттігі Қазақстан Республикасы заңнамасымен көзделген мақсаттар мен жағдайларда Оператор желісі бойынша жарнамалық ақпарат алу мүмкіндігімен келіседі және растайды.
- 2.4. Шарттың талаптарымен, оның ішінде Шарттың 2.3-тармағымен келіспеген немесе қызметтен бас тартқан жағдайда, Абонент заңнамамен және Шартпен белгіленген тәртіпте өтініш беру арқылы Шартты бұзуы тиіс. Олай болмаған жағдайда, Қызметті пайдалануын жалғастыру арқылы Абонент Шарт пен Қызметтердің талаптарымен келісетінін растайды (конклюдентті іс-қимыл).
- 2.5. Қызмет туралы ақпарат Оператордың, Оператор Өкілінің және (немесе) үшінші тұлғалардың Сайттарында, сату және қызмет көрсету кеңселерінде орналастырылады, және (немесе) Қысқаша мәтіндік хабарламалар жолдау арқылы және (немесе) Оператордың Қызметі туралы жарнамалық материалдарда хабарланады, және (немесе) Оператордың ақпараттық-анықтамалық қызметімен ұсынылады.
- 2.6. Қызметтерді Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайларда, оның ішінде төмендегідей жағдайларда қосуға болады:
 - 1) егер Қызметті қосу туралы өтініште немесе басқа құжатта Абонент көрсеткен бастапқы деректерде Қызмет көрсетудің техникалық мүмкіндігі болса;
 - 2) Абонент көрсеткен және Қызмет көрсету үшін қажетті деректер дұрыс болса;

- 3) Абонент Оператор талап еткен құжаттар мен деректердің толық пакетін ұсынса;
- 4) Абоненттің Оператор алдында басқа Қызметтер бойынша берешегі болмаса.
- 2.7. Жеті жастан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар заңды өкілдерінің келісімінсіз Оператордың байланыс салондарында қолданыстағы тарифтердің кез келгеніне қосыла алады. Бұл ретте Оператор абоненттік нөмірде белгілі қаржы сервистерін пайдалануды шектеуге құқылы. Кәмелетке толмаған тұлғаның заңды өкілі жүгінген жағдайда, оның берешегі болмаса, Шарт бұзылуы мүмкін. Осы тармақтың ережелері Азаматтық Кодекске сәйкес (17-баптың 2-тармағы, Кодекстің 22-1 бабы) толық қабілетті деп танылған кәмелетке толмағандардың мәмілелеріне таралмайды. Он алты жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар Оператордың байланыс салондарына жүгінген кезде, Оператор өкілінің өтініші бойынша мынадай құжаттарды ұсынуға міндетті: туылу туралы куәлік, оның ішінде туылу туралы электрондық куәлік, туылу туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі, Қазақстан Республикасы азаматының паспорты, шетел паспорты. Он алтыдан он сегізге дейінгі жаста жеке куәлік, оның ішінде электрондық жеке куәлік, Қазақстан Республикасы азаматының паспорты, шетел паспорты.

3. Шектеулер, роуминг

- 3.1. Желінің жұмыс істеуін және барлық Абоненттер үшін Қызметтерге бірдей қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ жекелеген тұлғалардың қалған Абоненттер мен үшінші тұлғаларға нұқсан келтіретін іс-қимылдарының жағымсыз салдарын барынша азайту үшін, Оператор трафиктің кейбір түрлерін, оның ішінде Peer-to-Peer трафигін (торрент-жүктемелер), сондай-ақ пирингтік файл алмасу желілерін (BitTorrent және т.б.) пайдалану барысында Интернет желісіне қатынау жылдамдығын шектей алады. Сонымен қатар, байланыс арналарына жүктемені реттеу мақсатында Оператор трафиктің түрлі басымдықтарын (дауысты және интернет-трафик) орнату арқылы Қызметтердің техникалық параметрлерін өз бетімен реттей алады.
- 3.2. Абоненттің осы Шарт бойынша алатын қызметтері, оның ішінде науқандар, арнайы ұсыныстар, бонустар:
- 1) олардың тікелей мақсаты – дауысты деректерді, хабарламалар мен интернет-трафикті тарату үшін қолданылуы керек;
 - 2) Оператор оларды уақытша немесе мүлдем тоқтатуы мүмкін, оның ішінде заңнамада және/немесе Шарттың талаптарында көзделген жағдайларда, атап айтқанда:
 - Абонент call-орталықтарда, сату орталықтарында, сервис-орталықтарда, Абоненттік бөлімшелерде, әлеуметтік желілерде және Оператор мен Абонент арасындағы басқа да өзара әрекеттесу жағдайларында/орындарында жалпыға бірдей этикалық қарым-қатынас нормаларын бұзғанда (оның ішінде Оператордың қызметкерлері мен өкілдерін балағаттау, қорқыту, қорлау).
 - Абонент өзінің Шарт бойынша құқықтарын теріс пайдаланғанда (рұқсатсыз жаппай SMS тарату, лотерея, Қызметтерді алып-сату, трафикті имитациялау және генерациялау, нөмірлерді ауыстыру және т.б.), Абонентпен жасалған Шарт бұзылуы мүмкін;
 - 3) Абоненттің тек жеке, отбасылық, тұрмыстық, кәсіпкерлік қызметімен байланысты емес қажеттіліктері үшін қолданылуы мүмкін. Оператор Интернет желісіне қолжетімдік қызметтерінен басқа тарифтік жоспар, бонус, науқан шарттарымен тікелей көздеп ұйғарған жағдайларды қоспағанда, Абонентпен немесе басқа үшінші тұлғалармен коммерциялық мақсаттарда (пайда табу үшін) қолданыла алмайды;
- 3.3. Роуминг кезінде төлем роумингтік серіктестердің шарттары негізінде жүзеге асырылады, Абонент олармен өз бетімен танысып шығуы керек. Бұл қызметтерді Абонент осы Шарт бойынша таңдалған төлем жасау тәсіліне сәйкес төлейді. Көрсетілген қызмет құны роумингтік серіктестерден ақпарат келіп түсуіне қарай есептеледі. Роумингтік серіктестердің шарттарына байланысты роуминг-серіктестердің дербес шотынан қаражаттарды шешіп алу бойынша ақпарат 30 (отыз) күнге дейін кешіктірілуі мүмкін. Абонент роуминг бойынша көрсетілген Қызмет құнын роуминг бойынша нақты көрсетілген қызмет көлемінде төлеуге міндетті.

4. Абоненттің құқықтары

Абоненттің құқықтары:

- 4.1. Шарттың талаптарына сәйкес Қызметтерді пайдалану;
- 4.2. Абонентке қолжетімді тарифтік жоспарды таңдау, осындай қызметтер үшін белгіленген шарттарда қосымша ұялы байланыс қызметтерін қосу және алып тастау;
- 4.3. Абоненттерге қызмет көрсету орындарында Операторға жазбаша өтініш беру арқылы Оператормен Шартты бұзу.

5. Абоненттің міндеттері

Абоненттің міндеттері:

- 5.1. Осы Шартқа және таңдалған есеп айырысу тәртібіне сәйкес Оператормен белгіленген тарифтер мен талаптарға сай Қызмет ақысын дер кезінде төлеу;
- 5.2. Қызмет көрсету тарифтерімен және басқа да шарттарымен танысу;
- 5.3. Оператордың байланыс салондарына жүгінген кезде, Абонент Оператор өкілінің өтініші бойынша жеке тұлғасын куәландыратын құжатты, оның ішінде электрондық жеке куәлігін, Қазақстан Республикасы азаматының паспортын, шетел паспортын көрсетуге міндетті. Абонент Оператор қызметіне қатысы жоқ мәселелер бойынша бірнеше қайтара жүгінген және/немесе Шарт талаптарын бұзған жағдайда, Абонентке Оператор Мамандарының күшімен қызмет көрсетуден бас тарту құқығын өзіне қалдырады;
- 5.4. Операторға Абонент туралы мәліметтерге жататын шынайы деректерді, оның ішінде формулярда көрсетілетін ТАӘ, ЖСН/БСН, телефонының байланыс нөмірін, электрондық поштасының мекенжайын, пошталық мекенжайын және басқа да деректерді ұсыну. Көрсетілген деректер өзгерген жағдайда, өзгерістер орын алған сәттен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде бұл туралы Операторға жазбаша түрде хабарлау;
- 5.5. Үшінші тұлғалардың, оның ішінде кәмелетке толмағандардың Абоненттік құрылғыны, Абонентті сәйкестендіру картасын және Қызметпен байланысты басқа құрылғыларды пайдалануы мен қолжетімдігін қадағалау. Абоненттік нөмірді басқа тұлғалардың пайдалануы Абонентті осы Шарттың талаптарын орындау және Ережелерді бұзу үшін жауапкершіліктен босатпайды;
- 5.6. Абоненттік нөмірді үшінші тұлғаға табыстаған кезде, Операторға Абоненттік нөмірді үшінші тұлғаға қайта рәсімдеуге келісім туралы жазбаша өтінішін нақты табыстаған күннен бастап 3 (үш) күнтізбелік күннен кешіктірмей ұсыну арқылы Абоненттік нөмірді міндетті қайта тіркеуден өткізуі тиіс.
- 5.7. Төмендегідей іс-қимылдарды жасамау:
 - 1) Басқа абоненттерге Оператор қызметін пайдалануға кедергі келтіру;
 - 2) Оператор желісін пайдалана отырып, басқа абоненттерге, үшінші тұлғаларға жарнамалық, ақпараттық және басқа материалдарды SMS-тарату;
 - 3) Оператор желісінің кез келген бағдарламаларына, деректер қорына және басқа да құрамдас бағдарламалық элементтеріне өз бетімен рұқсатсыз кіру, сондай-ақ Оператор желісі жұмысының бұзылуына әкелуі мүмкін кез келген басқа іс-қимылдарды орындау;
 - 4) Кез келген коммутациялық құрылғылар арқылы сигналдарды тоналдық теру көмегімен кіріс және/немесе шығыс қоңырауларды қайта адрестеуді пайдалану;
 - 5) Құрамында барлық бевирустар немесе басқа зиянды компоненттер бар кез келген ақпаратты немесе бағдарламалық жасақтаманы Оператор желісі арқылы тарату;
 - 6) Заңды құқық иеленушінің немесе иесінің рұқсатынсыз зияткерлік меншік құқығының объектісі болып табылатын бағдарламалық жасақтаманы немесе басқа материалдарды Оператор желісі бойынша кез келген тәсілмен табыстау, жаңғырту немесе тарату;
 - 7) Оператор Қызметін тікелей мақсатына сай пайдалану мақсатынсыз, дауысты қоңыраулар жасау, интернет сессиялар өткізу, қысқа мәтіндік хабарламалар жолдау;
 - 8) лотерея, дауыс беру, конкурс, викторина, жарнама, сауалнама, бұқаралық SMS-таратулар өткізу, Оператордың арнайы рұқсатынсыз үшінші тұлғаларға байланыс қызметін ұсыну үшін абоненттік нөмірді және/немесе Қызметті пайдалану;
 - 9) Оператор желісіне/желісінен трафик транзитін ұйымдастыру, оның ішінде мобильді және (немесе) бекітілген байланыс желісіне қатынау үшін шлюздер орнату, IP-телефония және т.б. арқылы Оператормен алдын ала келіспей және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындай отырып, Оператор желісінің немесе басқа желілердің

абоненттік нөмірлеріне сыртқы IP немесе SIP трафигінің коммутациясын ұйғаратын бағдарламалық жасақтаманы жүктеп алу, орнату және/немесе басқаша пайдалану немесе кіріс телефон қосылыстарын Интернет желісінде сыртқы IP/SIP серверлеріне коммутациялау;

10) Желі жұмысының бұзылуына әкелуі және (немесе) Операторға залал келтіруі мүмкін басқа іс-шараларды жүзеге асыру.

11) Қызметтердің және Қызмет көрсету үшін іске қосылған Оператор ресурстарының адал ниетпен және әділ пайдаланылуын қамтамасыз ету үшін, өз құқықтарын кез келген тәсілмен теріс пайдалану арқылы Оператордың немесе үшінші тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделеріне зиян келтіруге бағытталған іс-қимылдар жасауға, өз құқықтарын байланыс қызметінің мақсатына қарама-қайшы жүзеге асыруға, байланыс қызметін Оператордың келісімінсіз пайда көру мақсатында пайдалануға тыйым салынады.

12) Тарифтік жоспарлардың, нақандардың және Оператор ұсынатын Қызметтердің басқа шарттарының түрлі үйлесімдеріне негізделген іс-қимылдарды, егер осындай іс-қимылдардың мақсаты Қызметтерді адал ниетпен пайдалану болып табылмаса, сондай-ақ осы Шарттың мәніне тікелей және тура байланысы жоқ кез келген басқа іс-қимылдарды және басқа абоненттердің жеткілікті сападағы қызметтерді алу мүмкіндігін кез келген тәсілмен шектейтін іс-қимылдарды жасамау.

6. Оператордың міндеттері

Оператордың міндеттері:

- 6.1. Абонентке Шарттың, Абонент қосылған тарифтік жоспардың және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес Қызмет көрсету;
- 6.2. Абоненттің жеке тұлғасы расталған жағдайда, Абоненттің өтініші бойынша Абонентке көрсетілген Қызметтер туралы мәлімет (тәптіштеме) беру;
- 6.3. Абоненттің Оператордың анықтамалық-ақпараттық қызметіне жасаған ауызша немесе жазбаша өтініші бойынша Қызмет көрсету шарттары, қосылу тәртібі, тарифтік жоспарларды өзгерту, қосымша ұялы байланыс қызметтері туралы ақпарат беру;
- 6.4. Абоненттің өтінішіне қосымша зерттеу немесе тексеру өткізу қажет болған жағдайларда, жазбаша өтінішке жауап беру мерзімдері ұзартылуы мүмкін, бұл туралы Абонентке қарау мерзімі ұзартылған сәттен бастап үш күнтізбелік күн ішінде хабарланады.

7. Оператордың құқықтары

Оператордың құқықтары:

- 7.1. Абоненттің дербес шотындағы ақша қаражаттары толығымен пайдаланылған және/немесе шот дер кезінде және/немесе толығымен төленбеген жағдайда, Абонент Қызметті одан әрі алуы мақсатында, қысқа мәтіндік хабарламамен немесе кез келген басқа тәсілмен Абонентке аванстық төлем жасау/ шотты төлеу қажеттігі туралы хабарлау;
- 7.2. Абонент Қызметті төлемеген немесе дер кезінде төлемеген (аванстық төлем жасалмаған/ шот төленбеген) жағдайда, хабарламаны жөнелту және/немесе алу дерегіне қарамастан, Абонентке Қызмет көрсетуді біржақты тәртіпте тоқтату;
- 7.3. Егер Абоненттің дербес шотындағы ақша қаражаттарының қалдығы Қызмет көрсету үшін жеткіліксіз болса, Абонентке Қызмет көрсетуді тоқтату. Абоненттің дербес шотына ақша түскен бойда, Қызмет қайтадан көрсетіле бастайды;
- 7.4. Оператор сайттарында тиісті ақпаратты жариялау немесе қысқа мәтіндік хабарламаларды жолдау арқылы, немесе Операторға қолжетімді басқа тәсілдермен Шарттың талаптарына, сондай-ақ Қызмет көрсету шарттарына өзгертулер немесе толықтырулар енгізу. Абонент өзгертілген талаптармен келіспеген жағдайда, Абонент Оператормен Шартты бұзуы керек;
- 7.5. Тарифтік жоспар және (немесе) қызмет жойылған кезде, Абонент өзінің ағымдағы тарифтік жоспары және (немесе) қызметі жойылғаны туралы хабарландыру алғаннан кейін басқа тарифтік жоспарға немесе қызметке көшпесе, Абонентті өз қалауынша басқа тарифтік жоспарға немесе қызметке көшіру;
- 7.6. Оператордың сайттарында тиісті ақпаратты орналастыру арқылы Абонентке бұл туралы хабар бере отырып, Оператордың қосымша қызметтерін тегін ұсыну. Абонент Оператордың анықтамалық-ақпараттық қызметіне хабарласу, сондай-ақ Оператордың сервистік

қызметтерінің (автоматты қызмет көрсету жүйесі, USSD, SMS) көмегімен тоқтату арқылы Оператордың қосымша ақысыз қызметтерінен бас тарта алады. Қызметтің тоқтатылуы туралы ақпарат Оператордың сайттарында орналастырылады;

- 7.7. Оператордың желісі арқылы көрсетілетін үшінші тұлғалардың қызметтері үшін төлем алу;
- 7.8. Абоненттің алған Қызмет үшін берешегі болған жағдайда, үшінші тұлғалардың берешектерін өндіріп алуға қатыстыру, бұл ретте Абонент Оператордың осындай тұлғаларға осы Шарт аясында алынған және берешекті өндіріп алу үшін қажет ақпаратты (оның ішінде дербес деректер мен қызметтік ақпаратты) ұсынуына келісім береді;
- 7.9. Оператормен белгіленген қызметтерді Абоненттің келешек төлемдері есебінен ұсыну. Көрсетілген Қызмет құнын абонент өзінің дербес шотын толтыруы және Оператордың көрсетілген Қызмет құнын сол шоттан шешіп алуы арқылы төлейді, абонент Қызметті қосуы арқылы бұған өз келісімін береді;
- 7.10. Оператордың анықтамалық-ақпараттық қызметіне келіп түсетін кіріс қоңырауларын жазып алу. Абонент Оператордың қызметіне қатысы жоқ мәселелер бойынша бірнеше қайтара жүгінген кезде немесе Оператор қызметкеріне әдепсіз қылық көрсеткен жағдайда, Оператор анықтамалық-ақпараттық қызметке қолжетімдікті шектеуге және/немесе онымен Шартты бұзуға құқылы;
- 7.11. Шартты қолдану мерзімі аяқталған, тоқтатылған және абоненттік нөмір тәркіленген сәттен бастап 3 (үш) жыл өткен соң, Абонент жоғарыда көрсетілген мерзімде ақша қаражаттарының қалдығын өзіне қайтару туралы өтініш бермесе, абоненттің дербес шотындағы ақша қаражаттарының қалдығын шешіп алып, өз пайдасына айналдыру;
- 7.12. Банктердің, төлем жүйелерінің, қате төлем жасаған тұлғалардың немесе басқа уәкілетті тұлғалар мен ұйымдардың талаптарына байланысты рұқсатсыз төлем салдарынан алынған ақшаны Абоненттің дербес шотынан шешіп алу;
- 7.13. Көрсетілетін Қызметке лимит қою. Лимит шегі алдыңғы кезеңдерде Интернет желісіндегі қосылыстар қарқындылығы, шоттардың және/немесе кепілдік жарнасы көлемінің дер кезінде төленуі негізінде есептеледі. Көрсетілген Қызмет құны белгіленген лимиттен асып кеткен жағдайда, Оператор Қызмет көрсетуді тоқтатуға құқылы, ал Абонент Оператордың нақты көрсеткен Қызметі үшін төлем жасауға міндеттенеді;
- 7.14. Операторға байланысты емес жағдайлармен және техникалық параметрлермен, оның ішінде SMS көлемімен (160 латын немесе 70 кириллица символы) шартталған Қызметтерге түрлі шектеулер қолдану және тиісті тарифтеуді жүзеге асыру;
- 7.15. Абоненттің дербес шотында ақшасы аяқталған сәтте байланыс қызметін пайдаланатындығына байланысты қалыптасуы мүмкін Абоненттің Оператор алдында берешегі болмауы үшін, Абоненттің дербес шотындағы ақша қаражаттарын резервте сақтау. Абоненттің заңды мүдделерін қорғау, қолданыстағы заңнаманы орындау мақсатында, резервтеу LTE желісінде 30 мб, 3G және 2G желісінде 15мб, және 1 минут сөйлесу құнына тең сомда жүзеге асырылады. Соманы резервтеу ағымдағы интернет-сессия және/немесе сөйлесу аяқталған бойда тоқтатылады, және резервтеу сомасы Абонентке оның дербес шотына қайтарылады;
- 7.16. Абоненттің Оператор алдында берешегі болған жағдайда, абоненттік нөмірді көшіруден бас тарту;
- 7.17. Абонент Қызметтерді, Оператор желісінің көмегімен көрсетілетін үшінші тұлғалардың қызметтерін пайдалану шарттарын, Шарттың немесе Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзған жағдайда, Абонентке қызмет көрсетуді уақытша немесе мүлдем тоқтату;
- 7.18. Абонентке кредиттік немесе аралас есеп айырысу тәртібімен кредиттік лимит беру туралы шешім қабылдау, Абонентке кредиттік лимиттің жоғарғы шегін белгілеу, сондай-ақ оны өзгерту немесе Абонентке кредиттік есеп айырысу тәртібін пайдаланудан біржақты тәртіпте бас тарту;
- 7.19. Абоненттің ҚР Азаматтық кодексінің 8 және 11-баптарының талаптарын орындауы, Абоненттің Қызметтерді адал ниетпен пайдалануы мақсатында, Оператор бір Абонент – жеке тұлғаның пайдалануына берілетін абоненттік нөмірлердің саны бойынша шектеу белгілеуге құқылы. Абонент Қызметтерді өзінің кәсіпкерлік қызметі үшін пайдалануы керек болған жағдайда, Абонент Оператормен белгіленген шарттар негізінде корпоративтік топты рәсімдеуі керек.
- 7.20. Оператор төмендегілер үшін жауап бермейді:
 - 7.20.1. контент-провайдерлерді қоса алғанда, үшінші тұлғалардың Оператор желісін пайдалана отырып Абонентпен көрсетілетін сервистері мен қызметтері, оның ішінде кез келген үшінші тұлғалардың

- қызметтерді ұсынбауы немесе дер кезінде ұсынбауы, мазмұны мен сапасы;
- 7.20.2. Абоненттің кездейсоқ, тікелей емес залалымен байланысты мүмкін шығындары, оның ішінде Абоненттің пайдадан айрылуымен, іскерлік белсенділіктен айрылуымен және Оператордың қызметін пайдалану барысында туындайтын басқа да материалдық шығындармен (ұтылған пайда) байланысты шектеусіз залал;
- 7.20.3. Оператор желісі жұмысының бұзылуы, Абоненттің Оператордың техникалық қызметтерімен анықталған телефон нөмірлерінің қате терілуімен байланысты шығындары, сондай-ақ Абоненттің теңгерімді қате толтырған және теңгерімді толтыру карталарын жүктеген кезде жіберген қателері;
- 7.20.4. Абоненттің зақымданған немесе дұрыс жұмыс істемейтін абоненттік құрылғыларды, оның ішінде Оператор желісінің жиіліктік ауқымын қолдамайтын құрылғыларды пайдалануы салдарынан Қызмет сапасының мүмкін нашарлауы;
- 7.20.5. басқа операторлар мен үшінші тұлғалардың байланыс қызметінің сапасы, сондай-ақ Оператор қызметтері басқа компаниялар ұсынатын қызметтермен бірге ұсынылған кезде (оның ішінде хостерлер, сайттардың меншік иелері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жердегі сайттардың/серверлердің қызметтерін пайдаланған кезде және т.б.);
- 7.20.6. үшінші тұлғалармен жүзеге асырылатын және/немесе бастамаланатын SMS-таратулар және олардың мазмұны (контент-провайдерлер, басқа абоненттер және т.б.);
- 7.20.7. кез келген мазмұндағы ақпараттың таратылуы және Абоненттің Қызмет арқылы үшінші тұлғаларға келтірген кез келген залалы;
- 7.20.8. Абоненттің абоненттік құрылғыны және Қызметтерді пайдаланған кездегі кез келген шығындары, залалы, жазатайым оқиғалары, денсаулығының зақымдануы немесе өлімі;
- 7.20.9. Абоненттің ұқыпсыздық бойынша немесе осы тармақ болмағанда, қандай да құқықтық негіздер бойынша Операторға талап-арыз қойылуына әкелуі мүмкін басқа себептермен жасаған іс-қимылдары немесе оқшылықтары;
- 7.20.10. Абонент шоттың жағдайы, тәптіштелген шоттар туралы ақпаратты Абонентпен көрсетілген электрондық мекенжайға жолдаумен байланысты Қызметті таңдаған жағдайда, тәптіштелген шотта қамтылған ақпарат түріндегі абоненттің құпия ақпаратының жылыстауы.

8. Қорытынды ережелер

8.1. Шартты жасау, өзгерту немесе бұзу, тәптіштеме алу, нөмірді қалпына келтіру және өз атынан емес, үшінші/басқа тұлғалардың атынан және мүддесінде жасалатын іс-қимылдарды орындау үшін, көрсетілген әрекеттерді орындауға тиісті құқығының болуын растайтын құжаттарды (сенімхат, қамқорлыққа алу немесе қамқорлық туралы құжаттар және т.б.) ұсыну керек. Абоненттік нөмірлер мен құрылғылардың заңды иелері мен пайдаланушыларының құқықтарын қорғау мақсатында сенімхаттарда (жеке де, заңды да тұлғалардан) сенімгер уәкілеттендірілген іс-әрекеттер мен абоненттік нөмір анық және тура көрсетілуі керек. Сенімхаттар ҚР заңнамасының талаптарына сай болуы керек.

8.2. Шарт Оператормен біржақты тәртіпте бұзылуы мүмкін:

1) Егер абонент 180 күнтізбелік күн ішінде бір де бір тарифтелетін әрекет жасамаса. Тарифтелетін әрекет ретінде Абоненттің Оператор қызметін пайдаланған кезде, сол үшін ақы алынатын кез келген әрекеті қарастырылады;

2) Абонент өзі туралы жалған ақпарат берген жағдайларды қоса алғанда, абонент осы Шартпен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген талаптарды бұзған жағдайда;

3) Оператордың құзырынан тыс, әйтсе де әсері Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарымен немесе еңсерілмейтін күш жағдайларымен белгіленетін өзге де себептермен.

8.3. Осы Шарт бұзылған/тоқтатылған жағдайда Абонентке оның Дербес шотындағы ақша қаражаттарының қалдығы Абоненттің оларды қайтару туралы өтініші тіркелген сәттен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде қайтарылады. Бұл ретте алаяқтық әрекеттерге жол бермеу үшін, ақша қаражаттары қолма-қол ақшамен 10000 (он мың) теңгеден аспайтын сома шегінде беріледі, көрсетілген сомадан асырылған жағдайда, қайтару қолма-қол ақшасыз жүзеге асырылады. Бұл ретте, егер абоненттік нөмір қайта тіркелген болса, онда абоненттік нөмір қаражат қайтарылуы тиіс тұлғаға тіркелген сәттен бастап дербес шотты толтыру арқылы қалыптасқан сома қайтарылуға жатады.

8.4. Тараптардың арасында туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі. Оларды бейбіт жолмен реттеу мүмкін болмаған жағдайда, даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібінде реттеледі, бұл ретте осы Шарттан туындайтын даулар Оператордың орналасқан жеріндегі сотта қаралуы керек.

8.5. Осы Шарт бірдей заңды күшке ие мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалды. Шарттың мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтіндерінде қарама-қайшылықтар анықталған жағдайда,

Шарттың орыс тіліндегі мәтіні басым күшке ие.

8.6. Шартта тікелей белгіленбеген қалған барлық тұстарда, оның тараптары Қазақстан Республикасының Заңдарын, Ережелері мен заңнамасын басшылыққа алуы тиіс.

9. Оператордың деректемелері.

050000, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Желтоқсан к-сі, 115, IBAN № KZ426017131000024545, БСН 041140004799, Бек17, Алушы-банк: Алматы қ., «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның Алматы филиалы, БСН 960941000145, БСК HSBKZZKX.

Жария шартқа арналған №2 қосымша

Жария шартқа арналған осы №2 қосымша (бұдан әрі «№2 қосымша») IPTV және Үйдегі Tele2 қызметтерін және олармен технологиялық тұрғыдан байланысты қызметтерді Оператор ұсынған, абонент пайдаланған кезде, Оператор мен абоненттің арасындағы қатынастарға таралады. IPTV және Үйдегі Tele2 қызметтерін ұсыну барысында, Оператор мен абоненттің арасындағы қатынастар Жария шарттың (бұдан әрі «Шарт»), осы №2 қосымшаның ережелерімен, ал Шартпен және №2 қосымшамен реттелмеген бөлігінде Телерадио хабарларын тарату қызметтерін көрсету қағидаларымен және Интернетке қол жеткізу қызметтерін көрсету қағидаларымен реттеледі.

1. №2 қосымшада қолданылатын терминдер мен анықтамалар:

- 1.1. Телерадио хабарларын тарату қызметтерін көрсету қағидалары – Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2012 жылғы 29 маусымдағы № 89/1 бұйрығымен бекітілген телерадио хабарларын тарату қызметтерін көрсету қағидалары.
- 1.2. Интернетке қол жеткізу қызметтерін көрсету қағидалары - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 171 бұйрығымен бекітілген интернетке қол жеткізу қызметтерін көрсету қағидалары;
- 1.3. Есепті кезең – Қызмет көрсетіліп, есепке алынған отыз күнтізбелік күнге тең уақыт аралығы. Тарифтік жоспардың есепті кезеңі Қызмет қосылған күннен басталып, келесі айдағы осындай күнге дейін созылады.
- 1.4. Контент – телеарналар, аудиовизуалды туындылар, оларға абонент Қызмет көрсетілген кезде қол жеткізе алады.
- 1.5. Оператордың жабдығы – Оператордың қызмет көрсететін жабдығы - техникалық құралы (теледидар тіркемесі, модем, STB-тіркеме және т.б.).
- 1.6. IPTV қызметі – Интернет желісі арқылы көрсетілетін байланыс қызметі, оның көмегімен абонент теледидар арналары мен видеоконтентті қарай алады.
- 1.7. Үйдегі Tele2 қызметі - GPON технологиясы бойынша бекітілген байланыс арқылы Интернетке қол жеткізу қызметі.
- 1.8. Қызметтер – IPTV және Үйдегі Tele2 қызметі бірге Қызметтер деп аталады.

2. Жалпы қызмет көрсету шарттары.

- 2.1. Шарттың және №2 қосымшаның талаптарына сәйкес, Оператор абонентке Қызмет көрсетеді, ал Абонент көрсетілген Қызметті дер кезінде және толық көлемде төлеуге міндеттенеді.
- 2.2. Қызметтер Оператор Абоненттің үй-жайындағы Оператор Жабдығын орнатып, баптағаннан кейін және Абонент Қызмет үшін абоненттік төлемді жасағаннан кейін көрсетіледі.

3. Қызмет көрсету үшін есеп айырысу тәртібі, мерзімі мен нысаны

- 3.1. Көрсетілетін Қызмет үшін есеп айырысу нысаны – аванстық.
- 3.2. Абонентке алдағы Есепті кезең үшін абоненттік төлемді ол басталмай тұрып төлеу керек. Абоненттік төлем Есепті кезең басталмай тұрып төленбеген жағдайда немесе абоненттік төлем толық көлемде төленбесе, абоненттің дербес шотына Қызмет үшін абоненттік төлемді толық көлемде шешіп алу үшін жеткілікті сома салынып, онда оң қалдық қалыптасқанша Қызмет көрсету тоқтатылады.
- 3.3. Абоненттік төлемнің құны, тарифтер және тарифтеудің басқа шарттары абонент қосылған тарифтік жоспармен анықталады.

4. Абоненттің қызметті пайдалану аясындағы міндеттері:

- 4.1. Оператордың өкілдеріне Оператордың Жабдығы және/немесе Оператордың байланыс

құралдары орналасқан үй-жайлар мен аумаққа оларды тексеру, жөндеу, жетілдіру және техникалық қызмет көрсету үшін кіру мүмкіндігін қамтамасыз ету.

4.2. өз үй-жайындағы Оператордың байланыс желісін, терминалы мен Жабдығын жұмысқа жарамды күйінде ұстау;

4.3. абоненттің авторландыру, сәйкестендіру деректері мен сәйкестендіру кодын үшінші тұлғаларға жарияламау, өз ресурстарын үшінші тұлғалардың адал ниетпен пайдалануына кедергі келтіретін ресурстарды баптау бойынша тиісті шаралар қолдану. Көрсетілген мәліметтерді үшінші тұлғалардың рұқсатсыз пайдалануына жол бермеу мақсатында, интернетке және жеке кабинетке кіруге арналған құпиясөзді тұрақты өзгертіп отыру. Мәліметтерді рұқсатсыз пайдалану дерегі анықталған жағдайда бұл туралы дереу Операторға хабарлау.

4.4. жүзеге асырылуы барысында Операторға материалдық залал келтірілетін дауысты трафикті (IP-телефония трафигін қоса алғанда) рұқсатсыз жасамау;

4.5. дауысты трафик (IP-телефония трафигін қоса алғанда) рұқсатсыз жасалған жағдайда, Оператордың залалын толық көлемде өтеу;

4.6. егер Оператордың Жабдығы абонентке уақытша пайдалануға, иелік етуге/ жалға берілген болса, Шартты бұзған немесе тоқтатқан кезде, Қызметтен бас тарту туралы өтініш берілген күні немесе Қызметті сөндіру жоспарланған күні Оператордың Жабдығын жұмысқа жарамды тиісті күйінде қайтарып беру – әйтпесе Операторға жабдықтың қабылдау-тапсыру актісінде көрсетілген құнын өтеу;

4.7. Оператордың тиісті келісімінсіз, абонент жабдығын Қызметті қосу туралы өтініште көрсетілген мекенжайдан өз бетімен көшірмеу;

4.8. Оператор жабдығының немесе Оператордың бағдарламалық жасақтамасының баптауларын өзгертпеу немесе олардың жұмысының бұзылуына әкелуі мүмкін іс-әрекеттер жасамау;

4.9. ТСП/IP желісіндегі торапты (компьютер немесе басқа құрылғы) бірегей сәйкестендіретін 32-разрядтық нөмірді (бұдан әрі – IP-адрес) және басқа желілік хаттамаларда қолданылатын адресстерді, сондай-ақ Оператор желісіне деректер тарату кезіндегі өзге қызметтік ақпаратты бұрмаламау;

4.10. Оператор желісінің ресурстарына рұқсатсыз кіру, желіні шабуылдау және бұзу әрекеттеріне қатысу деректеріне, оның ішінде төмендегідей мақсаттарға бағытталған іс-әрекеттерге жол бермеу:

- Оператор желісінің абонентке тиесілі емес элементтерінің (компьютерлер, басқа жабдықтар немесе бағдарламалық жасақтамалар) қалыпты жұмысын бұзу;

- бағдарламалық жасақтаманың иелерімен немесе ақпараттық ресурстың әкімшілерімен келісімдеусіз, ерекше басымдықпен (компьютерге, басқа жабдыққа немесе ақпараттық ресурсқа) қолжетімдік алу, сондай-ақ осындай қолжетімдікті кейін пайдалану (бағдарламалық жасақтаманы немесе абонентке тиесілі емес деректерді жою немесе түрлендіру);

4.11. жауапты сақтауға қабылданған Оператор Жабдығы жоғалтылған жағдайда, Шартта басқаша көзделмеген болса, Операторға жабдықты қабылдау-тапсыру актісінде көрсетілген оның толық құнын, ал Оператор Жабдығы зақымдалған/сындырылған кезде, Операторға өз Жабдығын жөндеуге жұмсаған сомасын төлеу, немесе өз қаражаты есебінен және өз күшімен оның жөнделуін қамтамасыз ету;

4.12. абонент Оператордың қызметі арқылы қатынай алатын кез келген Контентті көпшіліктің назарына жеткізумен қоса, жария көрсетіліммен, жария орындаумен, эфирге жария түрде, кабель бойынша немесе басқа тәсілмен хабарлама таратумен, ретрансляциялаумен айналыспау;

4.13. Операторға өзінің кететіндігі, телефондандырылған тұрғын үй-жайларын сататындығы туралы бір ай бұрын хабарлау;

4.14. Оператордың Жабдығы мен байланыс желілері жұмысының бұзылуына және бүлінуіне әкелетін іс-қимылдарды жасамау, телекоммуникациялар желісіне бұзылған, сәйкестік сертификаты жоқ жабдықты қоспау.

4.15. Қызметтер мен Контент абонентке тек осы Шартта белгіленген тәсілмен, Контентті Шартта көрсетілмеген басқа мақсатта пайдалану құқығынсыз, оның ішінде толығымен немесе бөлшектеп сату, түрлендіру, көшірмелеу, тарату құқығынсыз, тек абоненттің жеке коммерциялық емес қарауы үшін ұсынылады.

4.16. Үй-жай иесінің онда жабдықты орнатуға және Қызметті қосуға келісімін алу. Үй-жай иесі Операторға үй-жайда жабдықтың орнатылуына және/немесе Қызметтің қосылуына байланысты шағым жасаған жағдайда, абонент үй-жай иесімен осындай барлық шағымдарды өз бетімен реттеуге міндеттенеді. Осындай міндеттеме орындалмаған жағдайда, абонент Оператордың дауды реттеуге жұмсаған шығындары мен көрген залал сомасын өтеуге міндеттенеді.

5. Тараптардың жауапкершілігі:

5.1. Телекоммуникациялық желі мен жабдықтың күйі үшін жауапкершілік оларға (пәтер, ғимарат, қоршалған аумақ және т.б.) күтім жасау шектері мен (немесе) теңгерімділігі тұрғысынан анықталады. Оператор Жабдығын қоспағанда, телекоммуникациялық желі мен жабдыққа күтімді бөлім шегіне дейін абонент өз бетімен және өз есебінен жүзеге асырады. Бөлім шегінен тыс, телекоммуникациялық желі мен жабдыққа күтім Оператордың күші мен қаражаты есебінен орындалады.

6. Оператордың құқықтары:

6.1. Абонент осы Шарттың №2 қосымшасының талаптарын немесе жабдықты пайдалану шарттарын/ережелерін бұзған жағдайда, Оператордың немесе Оператор серіктесінің желісінде сертификатталмаған жабдықты пайдаланған кезде, сондай-ақ профилактикалық және жоспарлы жұмыстарды жүргізу барысында, апаттық жағдайда немесе азаматтардың өмірі мен қауіпсіздігіне қатер төнген кезде, абонентке Қызмет көрсетуді уақытша немесе толық тоқтату;

6.2. Оператор Жабдығы мен байланыс құралдарына техникалық инспекция жасау, бұзылған, сәйкестік сертификаты жоқ жабдықты сөндіру;

6.3. абонент бұзылыстарды жойған күнге дейін Оператор Жабдығын алып қою;

6.4. Қазақстан Республикасының заңнамасымен өзге мерзім белгіленбеген жағдайда, болжамды өзгерту күнінен 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей, Абонентке алдын ала хабарлай отырып, абонент таңдаған Қызмет аясында қол жеткізетін телеарналар мен Контент тізімін және түрлерін өз бетімен қалыптастыру және өзгерту. Абонентке хабар беру тиісті ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында, Оператордың Интернет-ресурсында, төлем шоттарында және т.б. жариялау арқылы жүзеге асырылады.

7. Оператор төмендегілерге жауап бермейді:

7.1. Операторға тиесілі емес бағдарламалық жасақтама немесе жабдық бұзылған жағдайда немесе Операторға байланысты емес себептер бойынша Қызмет ұсынудағы үзілістер үшін;

7.2. үшінші тұлғалар әкімшілік ететін дүниежүзілік интернет желісінің жеке тараптарының немесе ресурстарының қолжетімсіздігі үшін. Мұндай қолжетімсіздік жағдайлары байланыстың үзілуі болып табылмайды. Оператор дерек тарату желісінің сол тараптарымен немесе интернет желісі арқылы уақытша немесе тұрақты қолжетімсіз болатын серверлермен ақпараттық алмасу мүмкіндігін қамтамасыз етпейді;

7.3. жабдықты, бағдарламалық жасақтаманы ауыстырумен немесе Оператордың техникалық құралдары мен желісінің жұмысқа жарамдылығын қолдау және дамыту қажеттілігінен туындаған басқа жұмыстарды өткізумен байланысты Қызмет көрсетудегі толық немесе ішінара үзілістер үшін, абонентке аталған жұмыстардың өткізілуі туралы олардың өткізілу күнінен кем дегенде үш жұмыс күні бұрын алдын ала хабарлаған жағдайда;

7.4. Абоненттің телефон арқылы алған Оператор нұсқауларын дұрыс орындамауы салдарынан туындаған, Абонент үшін жағымсыз мүмкін салдары үшін;

7.5. Қызмет сапасының қанағаттанғысыздығы, Қызмет көрсету мерзімінің бұзылуы немесе абонент Оператордың талаптарына сәйкес келмейтін және/немесе бұзылған жабдықты пайдалануы салдарынан Қызмет көрсетудегі үзілістер үшін.